



201 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 11-21/868 от: 17.04.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2017 жылғы 16 наурыздағы № ДЗ-76 хатына

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

***Ақпараттық жүйелердің дайындығы, мемлекеттік органдардың деректер базасын өзектілендіру және интеграциялау, сондай-ақ жылжымайтын және жылжымалы мүліктің тіркелмеген объектілерін анықтау бойынша***

Қазақстан Республикасы Мәжілісінің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) қарауы барысында анықталған бюджеттің IV деңгейін енгізудің проблемалық мәселелерін шешу мақсатында Ұлттық экономика министрлігі мүдделі мемлекеттік және жергілікті органдармен бірлесіп Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – *Іс-шаралар жоспары*) әзірледі.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес:

- 2017 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде және ауылдық округтерде (бұдан әрі – *ауылдық округтер*) жылжымайтын (жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар) және жылжымалы (көлік құралдары) мүліктің тіркелмеген объектілерін анықтау;

- 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде қажетті іс-шараларды (салыстыру, өзектілендіру, интеграциялау) өткізу арқылы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен дерекқорларының толық дайындығын қамтамасыз ету көзделген.

**Ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының интернет байланысымен қамтамасыз етілуі бойынша**

«Қазақтелеком» АҚ деректері бойынша 1066 ауылдық округтің ішінде:

- 835 ауылдық округ 512 Кбит/с-тен жоғары жылдамдығы бар интернетке қосылған;

- 74 ауылдық округ бөгде операторлардың (Алтел, Транстелеком, Сәтгітелеком, Билайн және басқалардың) қолданылу аймағында орналасқан, бұл ретте олардың жылдамдығы 512 Кбит/с-тен жоғары.

Қалған 157 ауылдық округте интернет сапасы Қазынашылықтың ақпараттық жүйесімен жұмыс істеу үшін талаптарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, 157 ауылдық округтің 32-сінде жылдамдығы 1 Мбит/с-тен төмен емес (Астел– 31, КазСатНет – 1) интернет байланысының спутниктік арналары орнатылған.

Интернеттің төмен жылдамдығы байқалған ауылдық округтердің көбі Шығыс Қазақстан облысында – 35, Оңтүстік Қазақстан облысында – 23, Алматы облысында – 18, Жамбыл облысында – 16 ауылдық округ.

Ұлттық экономика министрлігі Интернет-провайдерлармен кездесулер өткізді, олардың қорытындылары бойынша өнім берушілер жабдықтарды жалға алуды қоса алғанда, абоненттік төлем үшін айына 50 мың теңгеден басталатын жылдамдығы 1 Мбит/с-тен төмен емес интернет байланысының спутниктік арналарын орнатуға дайындығы туралы мәлімдеген.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар 2017 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарын қажетті интернет жылдамдығымен қамтамасыз етеді.

**Ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бухгалтерлермен және заңгерлермен қамтамасыз етілуі бойынша**

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 1066 ауылдың 1041-нде бухгалтерлер (98%) және 740-нда заңгерлер (70%) бар.

Заңгерлер жоқ елді мекендердің штатында жергілікті өзін-өзі басқарудың (бұдан әрі – ЖӨБ) коммуналдық меншігін басқару бойынша жүктелген функцияларды жүзеге асыра алатын экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және аудит саласында жоғары білімі бар қызметкерлер бар.

2016 жылы әкімдер аппараттарының қызметкерлері үшін «Зерде» оқыту орталығында (1381 қызметкер оқудан өтті) және өңірлік оқыту орталықтарында (2553 қызметкер оқудан өтті) бухгалтерлік есепті жүргізу, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті алымдар бойынша курстар ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы бұл қызметкерлер өңірлік оқыту орталықтарында (бұдан әрі – ӨОО) арнайы оқыту шеңберінде бюджеттік процесс пен коммуналдық мүлікті басқару бойынша қажетті білім мен дағдылар алады.

Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі - МБА) ректорының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 97 бұйрығымен ауылдық округтер әкімдеріне және олардың аппараттары қызметкерлеріне бюджеттік процес пен коммуналдық мүлікті басқару дағдыларын оқытудың үлгілік бағдарламасы бекітілді.

Қазіргі уақытта МБА негізінде ӨОО-ның 36 оқытушысын оқыту аяқталды, олар ауылдық округтер әкімдерін және олардың аппараттары қызметкерлерін 14 ӨОО негізінде оқытады.

Жалпы бағдарламада ауылдық округтер әкімдері аппараттарының 3198 қызметкері, оның ішінде бухгалтерлер мен заңгерлер қамтылатын болады.

Ауылдық округтер әкімдері мен олардың аппараттарының қызметкерлеріне бюджетпен және коммуналдық мүлікпен жұмыс жөнінде қосымша практикалық көмек көрсету мақсатында облыс әкімдіктері экономика және қаржы басқармаларының, қазынашылық және мемлекеттік кіріс органдарының қызметкерлері қатарынан ақпараттық-түсіндіру топтарын қалыптастырды.

Желілік кестелерге сәйкес осы практиктер тобы ЖӨБ-ның бюджеті мен коммуналдық мүлкімен жұмыс істеуге ауылдық округтер әкімдерін дайындау үшін ауылдық округтерге шығады.

### ***Ауылдық округтер әкімдері аппараттарының компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз етілуі бойынша***

Жергілікті атқарушы органдардың ақпараты бойынша тиісті компьютерлермен қамтылмаған 16 ауылдық округті қоспағанда, барлық ауылдық округтер әкімдері аппараттарында ең төмен параметрлерге сәйкес келетін орташа есеппен 5 компьютер бар.

Осыған байланысты, облыстардың әкімдіктері Іс-шаралар жоспарына сәйкес жоғарыда көрсетілген 16 ауылдық округ әкімдері аппараттарын 2017 жылғы 1 қараша дейінгі мерзімде қажетті компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз етеді.

**Б. Сағынтаев**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

*На № ДЗ-76 от 16 марта 2017 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно вопросов развития местного самоуправления, сообщаю следующее.

***По готовности информационных систем, актуализации и интеграции баз данных государственных органов, а также выявлению незарегистрированных объектов недвижимого и движимого имущества***

В целях решения проблемных вопросов внедрения IV уровня бюджета, выявленных в ходе рассмотрения Мажилисом Парламента Республики Казахстан проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития местного самоуправления», Министерством национальной экономики совместно с заинтересованными государственными органами и местными исполнительными разработан План мероприятий по внедрению самостоятельного бюджета и коммунальной собственности местного самоуправления (*далее – План мероприятий*).

В соответствии с Планом мероприятий предусмотрено:

- в срок до 1 июня 2017 года выявить незарегистрированные объекты недвижимого (земельные участки, здания, сооружения) и движимого (транспортные средства) имущества в городах районного значения, селах, поселках и сельских округах (*далее – сельский округ*);

- в срок до 31 декабря 2017 года обеспечить полную готовность информационных систем и баз данных государственных органов путем проведения необходимых мероприятий (сверка, актуализация, интеграция).

***По обеспеченности аппаратов акимов сельских округов интернет-связью***

По данным АО «Казахтелеком», в настоящее время из 1066 сельских округов:

- 835 имеют доступ в интернет со скоростью выше 512 Кбит/с;

- 74 находятся в зоне действия сторонних операторов (Алтел, Транстелеком, Сэтттелеком, Билайн и другие), при этом их скорость выше 512 Кбит/с.

В оставшихся 157 сельских округах качество интернета не соответствует требованиям для работы с информационной системой Казначейства. Вместе с тем, в 32 из 157 сельских округов установлены спутниковые каналы связи интернета (Астел – 31, КазСатНет – 1) со скоростью не ниже 1 Мбит/с.

Наибольшее количество сельских округов, в которых отмечена низкая скорость интернета приходится на Восточно-Казахстанскую область – 35 сельских округов, Южно-Казахстанскую – 23, Алматинскую – 18 и Жамбылскую область – 16 сельских округов.

Министерством национальной экономики проведены встречи с Интернет-провайдером, по итогам которых поставщики заявили о готовности установить спутниковые каналы интернет-связи со скоростью не ниже 1 Мбит/с за абонентскую плату от 50 тыс. тенге в месяц включая аренду оборудования.

В соответствии с Планом мероприятий местные исполнительные органы в срок до 1 сентября 2017 года обеспечат необходимой скоростью интернета аппараты акимов сельских округов.

#### ***По обеспеченности аппаратов акимов сельских округов бухгалтерами и юристами***

По данным местных исполнительных органов, из 1066 сел в 1041 имеются бухгалтера (98%) и в 740 (70%) юристы.

В тех населенных пунктах, где отсутствуют юристы, в штате имеются сотрудники с высшим образованием в сфере экономики, финансов, бухгалтерского учета и аудита, которые могут осуществлять возлагаемые функции по управлению коммунальным имуществом местного самоуправления (*далее – МСУ*).

В течение 2016 года для сотрудников аппаратов акимов были организованы курсы по ведению бухгалтерского учета, осуществлению государственных закупок, сбору налогов и других обязательных платежей в бюджет на базе Учебного центра «Зерде» (прошли обучение 1381 сотрудников) и региональных центров обучения (прошли обучение 2553 сотрудников).

Кроме того, в текущем году данные сотрудники получают необходимые знания и навыки по управлению бюджетным процессом и коммунальным имуществом в рамках специального обучения в региональных центрах обучения (*далее – РЦО*).

Приказом ректора Академии государственного управления (*далее – АГУ*) от 27 марта 2017 года № 97 утверждена типовая программа обучения акимов сельских округов и сотрудников их аппаратов навыкам управления бюджетным процессом и коммунальным имуществом.

В настоящее время на базе АГУ завершено обучение 36 преподавателей РЦО, которые будут обучать акимов сельских округов и сотрудников их аппаратов на базе 14 РЦО.

В целом, программой будут охвачены 3198 сотрудников аппаратов акимов сельских округов, в том числе бухгалтеров и юристов.

В целях оказания дополнительной практической помощи акимам сельских округов и сотрудникам их аппаратов по работе с бюджетом и коммунальным

имуществом, акиматами областей сформированы информационно-разъяснительные группы из числа действующих сотрудников управлений экономики и финансов, органов казначейства и государственных доходов.

Согласно сетевым графикам данные группы практиков выезжают в сельские округа для подготовки акимов сельских округов к работе с бюджетом и коммунальным имуществом МСУ.

***По обеспеченности аппаратов акимов сельских округов компьютерным оборудованием***

По информации местных исполнительных органов, аппараты акимов всех сельских округов в среднем имеют 5 компьютеров с минимальными параметрами, за исключением 16 сельских округов, которые не обеспечены соответствующими компьютерами.

В этой связи, в соответствии с Планом мероприятий акиматы областей в срок до 1 ноября 2017 года обеспечат указанные выше 16 аппаратов акимов сельских округов необходимым компьютерным оборудованием.

**Б. Сагинтаев**